

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет» КММ
ЖШС «Бопай» балабақшасы**



БАҒДАРЛАМА
«Ертегілер елінде»
(ортаңғы тобы)

Ақтөбе -2021ж

Бағдарлама негізі: Р. Жұмағожина. «Ауыз әдебиет үлгілерін балалар бақшасында пайдалану», Алматы «Мектеп»-1981.

Құрастырған : Кабылова С.С.

ЖШС «Бопай» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Ертегілер елінде» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«31» тамыз 2021жыл

ЖШС «Бопай» балабақшасы меңгерушісі:



Жумашева Б.А.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Ертегілер елінде» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

«17»

09

2021жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы:



Косымбаева М.О.

«Бопай» балабақшасының «Ертегілер елінде» бағдарламасына

П І К І Р

Баланың дамуындағы алға қойылған іс-әрекетінің бірі-театрлық ойындар. Театрлық ойын түрлері ең әсерлі және эмоционалды іс-әрекет. Театр арқылы балалар шығармашылықпен, эстетикалық талғаммен танысады. Театрлық іс-әрекет түрлері балаларға да, ересектерге де түсінікті әрі қызықты. Осыған байланысты балабақшада театрлық ойын түрлеріне көп көңіл бөлініп, театр мәдениеті туралы мектепке дейінгі кезеңнен бастап үйрету қажет. Театр өнері арқылы балалардың шығармашылығы мен эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Осы мәселелерді шешу және жүзеге асыру бағытында «Ертегілер елінде» бағдарламасы құрылған. Бұл бағдарлама балаларды көркем өнерге баулиды, шығармашылық икемділіктерін дамытады, театр өнеріне деген қызығушылығын оятады. Сонымен қатар, театрлық көріністер балалардың білімін, сөз байлығын, өнерге деген құштарлығын, ой-өрісін кеңейтеді, театрлық ойындар арқылы баланың шығармашылық қабілеттері дамиды. Театралдық ойындар мен ертегілерді ұштастыру арқылы балалардың мәнерлеп сөйлеуін, әртістік қабілетін қалыптастырады.

Бағдарлама балалардың театр мәдениеті туралы білімдерін толықтыруға, әр түрлі кейіпкердің рөлін ойнауға, оның іс-қимылдарын көрсете білуге, театрға деген қызығушылығын жоғарлатуға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды театрлық іс-әрекетке баулу, болашақта балаларды білімді, өнерлі, мәдениетті болуға өз үлесін қосады.

Бұл бағдарламаның нәтижесінде балалардың театр мәдениеті туралы түсініктері кеңейеді, театр түрлерімен танысып, өз бетімен білетін ертегілерді сахналап, кейіпкерлердің қимыл – қозғалыстарын, іс-әрекеттерін, мінездерін сала білуге үйренеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін, тәрбиешіге перспективтік жоспар бойынша конспектілерін құрастыруға ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасауын ұсынамыз.

Берілген бағдарламаны қолдануда әрбір педагог өз жұмысына шығармашылық, іскерлікпен кірісе отырып, балалардың мәдениеттілік дағдысын қалыптастырады.

Бағдарлама ортаңғы топ балаларының жасына сай құрылған. Сондықтан да бұл бағдарламаны оқу-тәрбие процесінде вариативтік бөлім ретінде енгізуге болады деп есептеймін.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің Педагогика, психология
және бастауыш оқыту кафедрасының доценті,
педагогика ғылымының кандидаты



Адильшинова З.У.

Түсінік хат

Халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл мұралары - халық ауыз әдебиеті. Халық ауыз әдебиеті көп салалы болып келеді. Соның бірі – ертегілер. Ертегілер арқылы жас ұрпақтың санасына және бойына адамгершілік асыл қасиеттерді сіңіріп, жақсыға ұмтылып, жаманнан аулақ болуға тәрбиелейді.

Ертегілерді тыңдай отырып бала қуану, шаттану, қайғыру, мұңаюды басынан өткізіп, бірін – бірі сыйлау, достық қарым - қатынас, бір –бірімен жолдас болу, қайырымдылық, жомарттық, адалдық сияқты жақсы қасиеттерге ұмтылып, өзімшілдік, қызғаныш, өкпе, реніш деген жаман қасиеттерден бойларын аулақ ұстауға тырысады.

Бағдарлама мазмұны: Ертегілер арқылы балалардың бойында достық қарым-қатынас, жақсылыққа қуанып, жаманнан жирене білуге, үлкенді сыйлай, құрметтей білуге тәрбиелеу. Сөздік қорларын байыту, ертегі желісін қайталап айта білуге дағдыландыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Мақсаты: Балалардың ертегі туралы білімдерін толықтыра отырып, ертегілерді қайталап айта білуге және әр түрлі бағытта сахналап, қойлымдар қойып, драмалай білуге үйрету. Ой-өрістерін жетілдіре отырып, өз қиялдарынан ертегі құрастыра білуге үйрету. Ерте жастан бала бойында адамгершілік қасиеттерінің түрлерін қалыптастыра отырып тәрбиелеу.

Міндеттері: Балаларды сөйлеу мәнісін дұрыс қалыптастыра отырып, дыбыстарды дұрыс және анық айта білуге үйретіп, сөйлеу нақышын жетілдіру, дауыс аппараттарын, есту, көру, есте сақтау қабілеттерін және диалогты сөйлей білулерін жан –жақты қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- ертегіні ауызша айта білу;
- ертегі желісі бойынша, ертегілерді сахналай білуге үйрету;
- өз қиялымен ертегі құрастыра білу;
- жақсылық пен жамандықты ажырата білуге, мейірімділікке, сыпайылыққа, үлкенді сыйлай білуге тәрбиелеу.

Бағдарлама мерзімі: «Ертегілер елінде » ортаңғы топта аптасына -1 рет, 36 сағатқа арналып дайындалған, 1 жылға негізделген.

Тақырыптық жоспар

№	тақырбы	Сағат саны
1	Қонаққа «Сиқырлы саусақтар» келді!	1
2	«Жеті лақ!»	1
3	«Үш торай!»	1
4	Міне осындай алып санырауқұлақ. «Санырауқұлақ ертегісі!»	1
5	«Үйшік үй!»	1
6	«Дос іздеген бота!»	1
7	«Екі қозы»	1
8	«Жалқау мысық!»	1
9	«Төлдер айтысы!»	1
10	«Аш қасқыр!»	1
11	«Тапқыр қоян!»	1
12	«Кім күшті?»	1
13	«Түлкі мен қасқыр!»	1
14	«Арыстан мен қоян!»	1
15	«Түлкі, кене және тасбақа!»	1
16	«Жеті қазынаның бірі!»	1
17	«Түлкі мен ешкі!»	1
18	«Торғай мен түлкі!»	1
19	«Мақта қыз бен мысық!». Ы.Алтынсарин.	1
20	«Ұсқынсыз балапан!»	1
21	«Байлық пен ақыл!»	1
22	«Шалқан!»	1
23	«Торғай мен адам!»	1
24	«Айлакер бала!»	1
25	«Өнердің күші!»	1

26	«Маша мен қонжық!»	1
27	«Адам өмірі!»	1
28	«Мөлдір су мен лай!»	1
29	«Ертегі әлемі!»	1
30	«Қызыл телпек ертегісі!»	1
31	«Орман дәрігері!»	1
32	«Қанбақ шал!»	1
33	«А.Барто өленін оқу!»	1
34	«Ұстаз бен Шәкірт!»	1
35	«Арыстан мен Түлкі!»	1
36	«Жыл бойы өткенді қайталау!»	1
	Барлығы	36

Күнтізбелік тақырыптық жоспары

№	Тақырыптары	Бағдарламаның мазмұны	Сағат саны
1	Қонаққа «Сикырлы саусақтар» келді!	Балаларға ертегі түрлері және театр түрлі туралы түсінік беру, (саусақ , үстел-үсті, көлеңке, бейнелі, драмалауға арналаған) оларды ертегілерді тыңдап ,тамашалай білуге үйрету.Қолдың ұсақ моторикасының қозғалысын, сөйлеумен қатар ұштастыра отырып дамыту.Түрлі театр қызметіне қызығушылық таныту.Жамандық пен жақсылықты айыра білуге тәрбиелеу.	1
2	«Жеті лақ!»	Балаларды ертегіні тыңдай білуге және мазмұнын дұрыс айта білуге үйрету.Сөйлеу, есту, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Анасының айтқанын тыңдауға үйрету. Үлкенді тыңдай білуге,татулыққа, ақылды , сабырлы болуға тәрбиелеу.	1
3	«Үш торай!»	Балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, әдемі, таза сөйлеу арқылы ертегі мазмұнын естерінде сақтауға үйрету.Татулықты, достықты насихаттап, бірлесе жұмыс істегенде ғана істеген істің әрқашан нәтижелі болатынын ерте жастан бойларына сіңіру.Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1
4	Міне осындай алып саңырауқұлақ. «Саңырауқұлақ ертегісі!»	Балаларға жыл мезгілі туралы түсінік бере отырып, күз сыйы туралы әңгімелеп, саңырауқұлаққа тоқталып, балаларды саңырауқұлақпен таныстыру және саңырауқұлақ ертегісін айтып бере отырып, оны драмалай білуге үйрету.Ой өрісін ,есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сыйластыққа,бір- біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.	1
5	«Үйшік үй!»	Ертегі мазмұнын өз сөздерімен жеткізе білуге баулу, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыта отырып есте сақтау қабілетін үйрету.Ертегі кейіпкерлерінің дауысы арқылы әр кейіпкердің мінезін бере білуге жаттықтыру.Достық, жолдастық, татулықты бағалай білуге тәрбиелеу.	1
6	«Дос іздеген бота!»	Балаларды рөлдерге еніп, оны ізденімпаздықпен, іскерлікпен, шығармашылықпен орындай білуге үйрету.Сөздерді мәнерлі, дұрыс айтуға дағдыландыру.Әуенді тыңдап, оған қосыла білуін қадағалау. Ертегі көрінісі арқылы балаларды достық	1

		сезімге тәрбиелеу.	
7	«Екі қозы»	Сөздік қорларын дамыта отырып, ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, тіл табыса білу мәдениетін меңгерту. Эмоционалдық көңіл күй туғызу, ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын дауыс ырғағы арқылы көрсете білуге жаттықтыру. Кішіпейілділікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	1
8	«Жалқау мысық!»	Балаларға жалқаулықтың жаман қасиет екенін түсіндіріп, зеректікке баулу. Жаксы мен жаман қасиетті ажырата білуге үйрету. Ертегіні толық мазмұнын түсіндіріп, балалардың ойлау қабілетін арттыру. Жақсылыққа, сүйіспеншілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1
9	«Төлдер айтысы!»	Төлдердің адамға пайдасы бар екендігі туралы түсінік беру. Балалардың ой өрістерін кеңейту. Ертегіні сахналай білуге үйрету. Жануарларды күтіп, баптауға үйрету. Үй жануарларының төлдерін дұрыс адырата білуге жаттықтыру. Балаларды татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
10	«Аш қасқыр!»	Ертегі мазмұнын өз сөздерімен жеткізе білуге үйрету. Жабайы аңдар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қасқырдың жыртқыш аң екенін мимикамен сахналап, суретіне қарап өздері эмоциямен, мимикамен көрсете білуге жаттықтыру. Балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жамандық пен жақсылықты ажырата білуге тәрбиелеу.	1
11	«Тапқыр қоян!»	Жабайы аңдар туралы түсінікті жалғастыра отырып, қоянның қасиеттеріне тоқталып, балаларға қоян туралы мәлімет беру. Ертегіні мұқият тындап, қоян туралы не айтылғанын баяндай білуге жаттықтыру. Өз ойын айтып жеткізе білуге және ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу.	1
12	«Кім күшті?»	Балалардың ертегі арқылы зейінін ашу және жәндіктер туралы түсінік қалыптастыру. Ертегідегі кездесетін аңдар мен құстардың, жәндіктердің қасиеттеріне тоқтала отырып балалардың ойлау, сөйлеу есте сақтау қабілеттерін дамыту. Не себептен	1

		құмырсканың күшті екендігіне тоқталу. Құмырсканың еңбекқорлығын балаларға мысал қыла отырып, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	
13	«Түлкі мен қасқыр!»	Ертегіні тыңдай білуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Жаксылық пен жамандықты айыра білуге жаттықтыру. Қуану, тандану, қорқу, ашулану сияқты мимика бойынша көңілді сәттерді есте сақтай білулерін дамыту. Достарымен арасындағы қарым-қатынасты жетілдіруге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
14	«Арыстан мен қоян!»	Аң Патшасы арыстан туралы ертегіні баяндап, балаларға арыстанның әрекеті дұрыс еместігін түсініп, қабылдай білуге үйрету. Сөйлеу дағдысын арттырып, сөздік қорларын толықтырып, өз беттерімен ойлауға үйрету. Басқаға жамандық жасауға болмайтынын балаларға түсіндіру және жақсы адам болу үшін, қазірден мәдениетті, сыпайы болуға, арамдықтан аулақ болуға, татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
15	«Түлкі, кене және тасбақа!»	Ертегіні оқып, балаларға мазмұнын айтып түсіндіру. Ертегіні мұқият зер салып тыңдай білуге дағдыландыру. Ертегінің мазмұнын дұрыс мазмұндап айта білуге үйрету. Сөйлеу, есту қабілетін дамыта отырып, қайырымдылыққа, жақсылыққа тәрбиелеу.	1
16	«Жеті қазына нын бірі!»	Аңыз әңгімені баяндау арқылы балалардың ой қиялдарын дамытып, дұрыс сөйлеуге баулу. Әділдікті айта білуге үйрету. Ит жеті қазынаның бірі екендігін және адамдарға тигізетін пайдасы туралы айтып түсіндіру. Бір –біріне қамқор болуға тәрбиелеу.	1
17	«Түлкі мен ешкі!»	Түлкі мен ешкінің ертегідегі рөлі туралы балаларға баяндап, ертегіні тыңдай білуге, ертегідегі кейіпкерлерге баға бере білуге үйрету. Сөздік қорларын кенейту, ой –өрістерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қулық жасаудан аулақ болып, шапшаңдыққа, пысықтыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	1
18	«Торғай мен түлкі!»	Ертегінің мазмұнын түсініп, дұрыс айта білуге үйрету. Естігендерін есте сақтауға жаттықтыру. Құстар туралы түсініктеріне қалыптастыру. Адалдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Балдардың	1

		асты қадірлеп, достыққа деген сүйіспеншіліктерін арттырып, мейірімділікке, адалдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.	
19	«Макта қыз бен мысық!» Ы.Алтынсарин.	Балаларды ертегі мазмұнын дұрыс мазмұндап айта білуге үйрету. Сөйлеу, есту, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Саусақ театры арқылы ертегі желісін рөлмен айтуға үйрету. Балалардың қызығушылықтарын арттырып, қайырымдылыққа, жақсылыққа, көмек беруге, татулыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1
20	«Ұсқынсыз балапан!»	Ертегі мазмұнын өз сөздерімен айтуға үйрету, сөздік қорларын дамыту. Қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету, жаны сұлу болуға ұмтылдыру. Өмірде ғажайып нәрселердің болатындығына көздерін жеткізу. Ұқыптылыққа, тазалыққа, әдемі болып жүруге тәрбиелеу.	1
21	«Байлық пен ақыл!»	Балаларға байлық пен ақыл туралы әңгімелеп, ақылдың пайдасы туралы балаларға түсінік беру. Ертегінің мазмұнын дұрыс жеткізу арқылы сөйлеуге үйрету. Ойын дұрыс жеткізе алуға баулу. Байлықтың адамға жолдас болмайтынын түсіндіріп, ақылды, білімді болуға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	2
22	«Шалқан!»	Балаларға көкөністер туралы түсінік беру. Балаларға ертегіні мазмұндап, балаларды өз беттерімен ертегінің мазмұнын ретімен баяндай білуге үйрету. Сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шалқан ертегісінің кейіпкерлеріне мінездеме беруге жаттықтыру. Бір-біріне көмектесуге, тату болуға тәрбиелеу.	1
23	«Торғай мен адам!»	Табиғаттың адамға тигізер пайдасы туралы балалармен әңгімелесу. Ертегінің мазмұнын түсініп, желісімен айта білуге үйрету. Ертегі желісі арқылы балаларды қиындықты жеңе білуге үйрету. Ақылды, білімді, пысық болуға тәрбиелеу.	1
24	«Айлакер бала!»	Балалардың ой-қиялын ұштай отырып, ертегі мазмұнын ұғындыру. Ақылды, епті, тапқыр, талапты болуға ұмтылдыру. Қиын кезде жол таба білуге үйрету. Ертегінің мазмұнын сұрап, балаларды ертегі мазмұнын айта білуге жаттықтыру. Айлакер баланың ерекшелігін ажыратып, балаларды жан-жақты ақылды, білімді болуға тәрбиелеу..	1

25	«Өнердің күші!»	Ертегі мазмұнын тындап , оны айта білуге үйрету, сөздердің мағынасын түсініп, дұрыс, таза, анық айтуға үйрету. Өнердің пайдасының зор екенін, өнерлі адамның өрге жүзетінін ұғындыру. Ертегі арқылы балалардың қызығушылығын арттырып, өнерлі болуға жаттықтыру. Ән салу, би билеу қабілеттерін дамыта отырып, топта балалар бір - бірімен өз өнерлерін көрсетіп бөлісе білуін қалыптастыру. Абай Құнанбаевтың өлең жолдарын жаттатыра отырып, балаларды өнерпаздыққа тәрбиелеу.	1
26	«Маша мен қонжық!»	Балаларға қызықты ,көңілді Машаның іс-әрекеті туралы баяндау, өздері көрген мультфильмдерін естеріне түсіру. Машаның іс-әрекеті туралы ойларын сұрау арқылы, балалардың сөздік қорларын дамыту. Балалардың тілін дамытып, анық сөйлей білуге үйрету. Ертегі мазмұнын дұрыс және нақты жеткізуге жаттықтыру. Қиындықтан жол таба білуге , кішіпейіл болуға және аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	1
27	«Адам өмірі!»	Балалар ертегіні түсініп, мазмұнын айта білуін қадағалау. Адам өмірінің қызықта қиын екенін ұғындыру. Дұрыс өмір сүруді насихаттау, адами қасиеттерді бойларына сіңіру. Балаларға жалпы Адам баласының іс –әрекеті туралы, адамға тән қасиеттер туралы түсінік беру. Балалардың ой – өрісін дамыту. Адамгершілік, адами қасиеттерін дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.	2
28	«Мәңгі су мен қай!»	Балаларға судың қасиеті туралы баяндау. Судың пайдасы туралы мәлімет беру, ертегінің мазмұнын түсінуге, суды лайламауға, жамандық жасамауға үйрету. Суды ластауға болмайтынын ,сусыз тірішілік тоқтап қалатындығын ,оны ұқыпты пайдалану қажеттігін түсіндіре отырып, су туралы білімдерін толықтырып дамыту. Суды қаді қадірін білуге, әділ болуға тәрбиелеу.	1
29	«Ертегі әлемі!»	Қалыпты эмоциялды танымын құру, балаларға қызықты еркін тақырыптағы ертегіні алып, мимикамен түсіндіріп, әр түрлі тәсілдер арқылы жеткізу. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, ертегі әлеміне саяхат жасау арқылы, олардың танымдық – қатыныстық қабілеттерін дамыту. Адамгершілік	1

		қасиеттерін дамыта отырып тәрбиелеу.	
30	«Қызыл телпек ертегісі!»	Балаларға Қызыл телпек ертегісін ің мазмұнын түсіндіріп, қызыл телпектің орман ішінде адасу себебін балаларға түсіндіріп, Қызыл телпектің әрекетін қайталмауға үйрету. Үлкендердің тілін алуға, жалғыз көшеге қыдыруға шықпауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, балаларды сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
31	«Орман дәрігері!»	Балалардың орман құстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Орман аңдары, орман құстары туралы жалпы түсінік беру. Балаларға орман әлемінің тіршілігі туралы ертегі арқылы жеткізу. Орман әлемі туралы суреттермен және тоқылдақтың пайдасы туралы түсіндіріп, көрсетіп, таныстыру. Табиғатты қорғауға және сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
32	«Қанбақ шал!»	Ертегінің мазмұнын түсінуге, ертегідегі аңыз әңгімені айта білуге үйрету. Қиындықтан жол таба білуге дағдыландыру. Қанбақ шал ертегісінің мазмұнын айтып беруге жаттықтыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, аңғарымпаз болуға тәрбиелеу.	1
33	«А.Барто өлеңін оқы!»	Қозғалыстағы бейнелерді көрсету тәсілін балаларға қолдана білуге үйрету, қимылдарды өз бетімен жасауға дағдыландыру. Кейіпкерлердің мінездік ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Балаларды өлеңді тыңдай білуге, мұқият зер салып мазмұнына мән беруге балаларды жаттықтыру. Тазалыққа, ептілікке тәрбиелеу.	1
34	«Ұстаз бен Шәкірт!»	Балаларға армандай білуді, өскенде кім болғылары келетіні туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізет көрсету керектігін түсіндіру. Балаларды армандай білуге үйрету, әр түрлі маман иелерінің суреттерін көрсету арқылы балалардың қызығушылықтарын арттырып, арман туралы, өскенде кім болғылары келетіні туралы әңгімелесу. Ұқыптылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
35	«Арыстан мен Түлкі!»	Аңдар туралы балаларға түсінік қалыптастыру. Аң патшасы Арыстанға тоқталып, оның қасиеті туралы айту. Арыстан мен Түлкінің ерекшеліктері туралы	1

		баяндау.Балаларға қызықты болу үшін театрлық түрде қойылым қойып, балалардың көңілін көтере отырып, Әр кейіпкердің өзіндік қасиетін көрсетіп жеткізе білу. Жаксылык пен жамандықты ажырат білуге тәрбиелеу.	
36	«Жыл бойы өткенді қайталау!»	Жыл бойы өткен материалдарды қайталау, еске түсіру.Балалармен қызықты ертегі кейіпкерлері туралы әңгімелесу. Өткен тақырыптағы ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақырып, барлығының өз ерекшеліктерін еске түсіріп, балаларды қуанту.Балалардан сұрақ-жауап арқылы әр кейіпкердің қасиеті туралы өз ойларын біліп, сөздік қорды дамытуды, есте сақтау қабілетін өрбітуді жалғастыру.Балаларға қызықты ертегі әлемімен әліде алда талай жолығатыны туралы айту. Барлық жақсылықтарды қабылдай білуге тәрбиелеу.	1
	Барлығы:		36 сағат

Пайдаланылған әдебиттер:

1.Р. Жұмағожина. «Ауыз әдебиет үлгілерін балалар бақшасында пайдалану», Алматы «Мектеп»-1981.

2.А.Менжанова «Мектепке дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу», Алматы-1987ж;

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1.Ә.С.Әмірова.; К.А.Анартаева. «Тіл дамытуға әдістемелік құрал», «Арман-ПВ»баспасы,2009ж.

2.С.Қатиев.; Р.Ізғұттынова.; Г.Жексенбаева. «Тәлім-тәрбие хрестоматиясы», Алматы «Рауан»-1996.

3. Жұмабаева Ф. «Мектепке дейінгі педагогика»,-Астана,2012ж.

4.М. Жұмабаев , «Педагогика», Аламаты-1987ж;

5.Ф.Жумабекова, «Мектепке дейінгі педагогика» Астана,-2012ж;